

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының 6D011100 - Информатика мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ



Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – оқушылардың құзырлылығын дамыту болып табылады. Олай болса, қазіргі кезде мұғалімдерге қойылатын басты талап - ақпараттық құзырлылығы қалыптасқан оқушы тәрбиелеу. Мұғалімдер оқыту мен тәрбиелеудің мақсатына жету үшін міндетті пәндерді оқытумен қатар, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырады. Ал сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасын жас буынды тәрбие тұрғысынан математикалық ғылым-білімге баулу мақсатында насихаттаудың маңызы зор. И.Т.Сәлғожаның диссертациялық жұмысы осы бағыттағы нақты әрі негізді талпыныс деуге боларлық көкейкесті жұмыс.

Индира Тойшыбекқызының диссертациялық жұмысында сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың қазіргі жағдайына талдау жасалып, Әл-Фарабидің математикалық мұрасындағы есептердің ерекшеліктерін ескере отырып, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қарастырылды; сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру формалары мен құралдары нақтыланып, әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі жасалды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Scopus деректер қоры базасында импакт факторлы ғылыми журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, ресейлік ғылыми журналдарда жарық көрді.

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының ғылыми зерттеу жұмысы толық аяқталған жұмыс деп есептеп, 6D011100-Информатика мамандығы бойынша «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Информатика және білімді ақпараттандыру
кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты



А.Т.Ошанова